


FTAXP 16.31.41

<https://doi.org/10.63051/kos.2024.4.203>*¹Ғабитханұлы Қ.  ²Мәсімханұлы Д.  ³Дарбай Н.Х. ¹ А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан^{2,3} Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, ҚазақстанE-mail: ¹ kayrat.g@mail.ru, ² masimkhan-63@mail.ru, ³ darbay.nazerke@gmail.com

ҚЫТАЙ ИЕРОГЛИФТЕРІМЕН ХАТҚА ТҮСКЕН ТҮРКІЛІК ТОПОНИМДЕР: АУДАРУ, РЕКОНСТРУКЦИЯЛАУ, СТАНДАРТТАУ МӘСЕЛЕСІ

Аңдатпа. Топонимдерді тарихи тұрғыдан қарастырғанда бүгінгі түркі халықтардың арғы бастау қайнары болып саналатын ежелгі сақтар мен ғұндардың, көне түркі ру-тайпаларының өмір сүрген кең байтақ территориясы түгел қамтылуы тиіс. Бұл территория бүгінде Еуразия аумағының біраз аумағын, көптеген мемелекет шекарасын алып жатыр. Яғни Орталық Азия мен Моңғолия, Ресейдің оңтүстіккі мен Сібір жері, Қытайдың Шыңжаң өңірі түгел қамтылады. Аталған өңірлерде сақталған түркілік топонимдер соның дәлелі. Орталық Азия, Шығыс Түркістан өңіріне тән ономастика, оның ішінде топонимдер мәселесі соңғы бірнеше ғасырлар бойы ғалымдардың назарын өзіне жіті аударып келеді. Түркі халықтарына байланысты тарихнамалар мен жазба деректер, хаттар мен карталардың негізінен Византия, Армян, Араб-парсы, Грекия, Қытай т.б. елдерінде сақталып келгені белгілі. Соның ішінде қытай жазба деректерінің маңызды зор екені көп айтылады. Қытай тарихнамаларындағы түркілік топономика бүгінге дейін әр тілге әр түрлі аударылып, реконструкцияланған, ғылыми әдебиеттер мен оқулықта бірізділік сақталмаған. Зерттеудің мақсаты тарихи салғастырмалы, салыстырмалы және этимологиялық әдістер арқылы қытай тарихнамаларындағы түркі топономикасын жүйелеу, жер-су атауларына семантикалық тұрғыдан талдау жүргізіп, реконструкциялау. Қарастырылып отырған сала отандық тіл ғылымында жаңа, әрі өте өзекті тақырыптардың бірі, сондықтан бұл – мақаланың жаңалығы болып табылады. Зерттеудің нәтижесі ретінде қытай тарихнамаларындағы қытай иереоглифтерімен хатқа түскен түркі халықтарына тән топономикалық атаулардың ерекшеліктері, оларды түркі тілдеріне әсіресе қазақ тіліндегі реконструкцияланған түп нұсқасы мен қытай иереоглифтерінде жазылған нұсқасы да қатар берілді, тілдік тұрғыда талдаулар жасалды. Сонымен бірге оларды ғылыми айналысқа түсіру, стандарттау мәселелері талқыланды.

Алғыс: Мақала BR24993043 «Қытай және өзге де Шығыс елдері дереккөздеріндегі көне түркі топонимдері – қазіргі түркі интеграциясының түп негіздерінің бірі: тарихи-этимологиялық, лингвистикалық көрінісі» ғылыми жобасын орындау аясында жазылған.

Түйін сөздер: қытай тарихнамалары, Орталық Азия, түркі, топономика, реконструкция, аудару, стандарттау.

Кіріспе

Белгілі бір топонимиялық жүйесі – сол аумақты мекендеген халықтардың заттық және рухани мәдениетінің ғасырлар бойы жинақталып, сақталып қалған көрінісі. Топонимдердің тарихы ұзақ. Яғни, салыстырмалы тұрақтылыққа ие және ежелгі тілдік бірліктерді сақтай алады. Өткен замандардың реликтілік мұралары ретінде тарихи топонимдер аумақтың табиғат жағдайларын, ондағы этностар мен елдердің тарихындағы маңызды оқиғаларды «бойында» сақтап, қаз қалпында бүгінгі күнге жеткізіп отырады. Сондықтан топонимдерді тарихи бағытта зерттеуге топонимист ғалымдар ерекше назар аударып келеді. Топонимдерді жан-жақтылы зерттеу мен оларды дұрыс жазылуының ғылыми-теориялық және қолданбалы

маңызы зор. Топонимдер семантикалық және этимологиялық жағынан зерттеліп, сол жердің тарихи сырын ашуға көмектесумен бірге, саяси және этнографиялық шекараларын анықтаға да көмектеседі. Сонымен бірге жер-су атауларларын семантикалық тұрғыдан зерттеу топонимнің немесе терминнің мағынасын тілдік тұрғыдан талдауға мүмкіндік береді. Лингвистикалық зерттеулердің неге көбінесе тарихи және этнографиялық талдаулармен қатар жүргізілетіндігін осымен түсіндіруге болады.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Қазақстан аумағы географиялық орнының ерекшеліктеріне орай, тарихи кезеңдерде Сібір – Орал, Қиыр Шығыс – Орталық Азия, Орталық Азия, Солтүстік Кавказ және Оңтүстік Орыс жазығы, Моңғолия, Қытайдың Шыңжаң өлкесі аймағында болып жатқан саяси, әлеуметтік жағдайлармен тығыз байланыста болды.

Зерттеуде салғастырмалы-тарихи, этимологиялық, типологиялық талдау т.б. әдістері қолданылды. Географиялық атаулардың номинациясына себеп болған тарихи оқиғалар, атаулардың мағыналық жүктемесі және осыған сәйкес алынатын географиялық ақпаратты ескерудің маңызы зор. Белгілі бір халыққа тән топономикалық атауларды зерттеуде әдетте сол халықтың тілі мен тарихына көңіл бөлуден тыс оның географиялық қоныстануы мен тарихтағы көші-қон жағдайына, өзге халықтармен мәдени, сауда-саттық т.б. байланыстарына, діни наным-сенімдеріне, өз тілінен тыс өзге де қолданған тілдері мен жазуларына, тілдің фонетикалық өзгерістері т.б. мәселелерге де жан-жақтылы көңіл бөлінгені жөн (Ғабитханұлы, 2019: 502).

Талқылау

Орталық Азия топонимдерінің қазіргі құрамын және олардың өзге тілдер мен ескі жазу нұсқаларында кездесетін түрлерін анықтау үшін, тарихи мәліметтерге сүйеніп, қазақ тайпаларының ертедегі дәуірінен бастап қазіргі ұлт болып қалыптасуына дейінгі топонимдерімен байланыстыра зерттеудің айрықша маңызы бар. Орталық Азия өңірінде әр-дәуірлерде қандай ру-тайпалар өмір сүрген, олар қандай тілде сөйлеген, қандай дін ұстанған, көршілерімен қандай қарым-қатынаста болған т.б бәрі жан-жақтылы қаратырылуы қажет. Тілдік және тарихи деректер, археологиялық қазбалар ежелгі ғұндар мен сақтардың қазіргі түрік тілдес халықтармен, оның ішінде қазақтармен мәдени ғана емес терең туыстық қатынас ұқсастықтар бар екенін дәлелдеді. Топонимдерді тарихи тұрғыдан қарастырғанда сақтар мен ғұндардың, көне түркі ру-тайпаларының өмір сүрген барлық аумақ қамтылуы тиіс. Орталық Азия мен Моңғолия, Ресейдің оңтүстіккі мен Сібір жері, Қытайдың Шыңжаң өңірі бәрі қамтылады. Аталған өңірлерде сақталған түркілік топонимдер соның дәлелі.

Түрлі тарихи жағдайларға байланысты бұл өңірлерде өзге тілде қойылған топонимдерде пайда болғаны шындық. Басым бөлігі ең ежелгі түркілік болуына қарамастан онда араб, моңғол, маньчжур, қытай, орыс тілдерінде қойылған топонимдер кездесіп жатады. Зерделеп қарағанда топонимдерде кездесетін тілдік қабаттардың ішінде орыс және қытай тілдері негізіндегі топономикалық қабат, «ең үстінгі қабат» екені белгілі болып отыр.

Зерттеу нәтижелері

Түркілік топонимдер көрші халықтар тілінің (қытай немесе орыс, араб т.б) дыбыстау жүйесі, қолданып отырған жазуына қарай сол тілдерде өзінше таңбаланып келгені белгілі. Олардың бірі дыбыстық жазу қолданғанымен кейде түпнұсқаға сәйкес дыбыстары жоқ, кейбірі буындық-мағыналық жазу қолданады, яғни түпнұсқадағыдай бере алмайды, сөйтіп өз тілінің мүмкіндігіне қарай траскрипциялайды, қысқартып тастайды, аударып алады, немесе бұрынғы атын өзгертіп, мүлде басқа ат қояды. Төменде түркілік топонимдердің қытай тілінде берілгендігі туралы арнайы тоқталамыз.

Түркілік топонимдердің қытай тілінде берілу жолдары:

Түркілік топонимдердің хатқа түскен ең ежелгі нұсқалары қытай тарихнамаларында кездеседі. Алды біздің ерамызға дейінгі дәуірлерде өмір сүрген ежелгі ғұндар, үйсіндер т.б ру-тайпалардың қонысы жайлы деректер, онан кейінгі 7-8 ғасырлардағы көне түркілерлердің территориясы жайлы мол мағлұматтар зерттеушілер назарын аударып келеді. Қытай ғалымдары мен мен бірге бұл салада Жапон ғалымдары көптеген зерттеулер жасады. Қытай иероглифтерімен хатқа түскен түркілік сөздерді реконструкциялау бүгінге дейін толық шешімін таппай келе жатқан күрделі тақырыптардың бірі. Қытайдың «24 тарихындағы» Орталық Азия мен түркілерге қатысты жылнама-шежірелер бірнеше ғасыр бойы әлем түркологтарының назарын өзіне аударып келеді. Сол деректер негізінде тарихтың көптеген ақтаңдақ беттері толықтырылды да. Бірақ десе де бізге белгісіз анықталмай жатқан тұстары да жетерлік. Атап айтқанда, Қытай жылнамаларындағы ономастикалық атауларды қалай оқу, реконструкциялау мәселесі әлі шешімін таппай келеді.

Қытай жылнамаларының Орталық Азияға қатысты жерлері ең алғаш Бичуриннің орысша аудармасымен (1851) және француз ғалымы Э. Шаванның французша аудармасымен (1880-1970) жарық көріп, Европа елдеріне таныс болды. Әрі бұл аудармалар осы уақытқа дейін күллі зерттеушілердің өз тұжырымдарын басқаларға дәлелдейтін басты уәжі болып келеді. Әрине, соған байланысты ондағы ономастикалық атауларда сол күйінде қабылдануда. Өкініштісі, Қытай жылнамаларындағы ономастикалық атаулардың біразының қалай оқылатындығы бүгінде белгілі болса да тарихшыларымыз ғылымның лингвистикалық жағын ескерместен тарихына ғана мән беруде. Ономастикалық атауларды қолдану белгілі бір жүйеге түспеген. Мәселен, ғылыми әдебиеттерде Ғұндардың алғашқы тәңірқұттарының бірінің аты 冒頓 (қазіргі оқылуы — maodun) оны Бодун, Мөде, Моде, Маудун, Мете, Модо, Модэ, Мао-дунь т.б. деп; 头曼 (қазіргі оқылуы — touman) атын Түмен, Тумын, Туман, Тоумэн т.б. деп; Үйсін елінің басшысы 昆莫 (қазіргі оқылуы — Kunmo) Күнби, Күнмо, Күнми, Күнбек, Гүнмо т.б. түрінде жазылуда (Ғабитханұлы, 2019: 503). Оның басты себебі иероглифтерді оқудағы фонетикалық өзгерістер мен оның күрделілігі болса ені бір жағынан осы мәселеге ғылыми тұрғыдан шынайы наз аударылмағандығынан деуге болады. Түркілік топонимдері хатқа түскен ең алғашқы тарихнамалар Қытай иероглифтерімен жазылғанын және олардың қамтитын аумағы мен санының молдығын ескерген жөн.

Қытай иероглифтері ерте ғасыр, орта ғасыр, таяу заман, қазіргі заман болып неше мың жылдық қолданыс барысында фонетикалық жақтан үлкен өзгерістерге ұшыраған. Көбінің жазылуы ұқсағанымен әр дәуірдегі оқылуында да үлкен айырмашылық бар. Оның үстіне қытай тілінің диалектілік парқы да орасан зор. Сонымен бірге қытай жазуы буындық — мағыналық жазу. Яғни бір иероглиф бір буын болып есептеледі. Қазіргі қытай тілінде буын басында сүзілмелі ұяң дауыссыз “ғ” мен қатаң дауысты “қ” жоқ, ал көне қытай тілінде буын басында бұл дыбыстар болған. Сол сияқты буын соңында “g, k, d, t, p, m” дыбыстары қазіргі тілде болмағанымен, көне тілде буын соңында болған; көне қытай тілінде “г” дыбысы болмаған, оның орнына көбінде “п” кейде “л” дыбыстары қолданылған; қазіргі қосарлы әріппен таңбаланып жүрген тіл үсті қысаң дыбыстары “zh, ch, sh” болмаған. Олардың орнына “z, t, d” дыбыстары қолданылған; қазіргі “j, q, x” дыбыстары “h, k, g” түрінде дыбысталған т.б. (Қытай тарихнамаларындағы қазаққа қатысты деректер, 1998: 18-22). Бұл айтылғандар мәселенің бір ғана жағы болса, екінші жағынан ежелгі түркілік этностардың тілінің фонетикалық ерекшеліктері бізге белгісіз, нақтылы емес. Оны қойып, бізге белгілі деген 7-8-ғасырлардағы көне түркі ескерткіштерінің тілі мен қазіргі түркі тілдері арасындағы фонетикалық өзгерістердің өзі қаншама. Сондай-ақ 7-8-ғасырларда жазылған Орхон-Енисей ескерткіштері тілінің дыбыстық ерекшеліктері барлық түркілік этностарға ортақ норма болмаса керек. Кең байтақ түркі даласында диалектілік ерекшеліктер болғаны сөзсіз. Бұған және де осыларға әсер ететін өзгеде факторларды (дін, жазу, транскрипция т.б.) қосыңыз.

Демек, мұның өзі қытай иероглифтерімен транскрипцияланған ежелгі ономастикалық атауларды келсін-келмесін қазіргі тұлғасындағы оқылуы бойынша алуға келмейтіндігін көрсетеді. Яғни бұдан шығатын қорытынды: қытай жылнамаларындағы ономастикалық атауларды аударып қолдануда оларды жылнамадағы дерек көзі бойынша әр дәуір бойынша сұрыптап, аталған сол дәуірдегі қытай тілінің фонетикалық заңдылығына сай оқып, транскрипция жасау, сонымен бірге оларды соған сәйкес түркі тілдерінің де ежелгі, орта ғасыр және бүгінгі дыбыстық және мағыналық ерекшеліктерімен салыстыра зерттеу, реконструкциялау қажеттілігін көрсетеді. Әрине оны және алтай тілі ұясындағы өзге тілдермен (монғол, манчжур) салыстыру, санскрит, араб-парсы, грек т.б. тілдердегі өзге де көне жазба деректерімен толықтыра түсу қажет.

Қытай жылнамаларындағы түркілік топонимдерді зерттеу барысында қытайлар түркілік топонимдердің бәрін бірдей дыбысталуы бойынша алмағанын яғни оның кейбірін мағынасы бойынша аударып алғанын, кейбірін жартылай мағыналық жартылай дыбыстық аудармамен бергенін байқаймыз.

Түпнұсқадағы дыбысталуы бойынша транскрипцияланған атаулар

Бүгінде өзге тілдерден қытай тіліне транскрипциялау жұмысы қытайдың ортақ тілінің (普通话) дыбыстау заңдылығы негінде жасалған пиньинь схемасына сүйенеді. «Географиялық атауларды аудару анықтамалығын» басшылыққа алады. Ертеректе мұндай стандарт болмаған. Аңыздарға қарағанда, қытай тілі сөздіктерінде қолданылатын 反切 fanqie (иероглифтердің дыбысталуын көрсететін әдістердің бір түрі), әдетте бір буынды бір иероглиф арқылы таңбаласа, кейде екі иероглиф арқылы бір буынды таңбалаған, яғни ежелгі санскрит тілінде жазылған будда номдарын қытай тіліне аудару барысында дыбыстық кірме сөздер осы әдіспен транскрипцияланылғаны анықталған. Әрине, кей жағдайда, мұның түркілік топонимдерді хатқа түсіруде де қолданылғаны анық (Ғабитханұлы, 2019: 503). Ертеректе бүгінгідей стандарт, норма болмағаны себепті кейбір географиялық атаулар түпнұсқада біреу болғанымен қытай тілінде бірнеше үлгіде ұқсамайтын иероглифтермен транскрипцияланып хатқа түскен. Мысалы: Бесбалық дегенді 八失巴里/ bashibali, 别失巴里/ bieshibali; Баласағұн дегенді 巴拉沙滚/ balashagun, 别刺撒浑/ bielashun; Талас яғни Тараз, қаласының аты Ханнамада (Ханнама авторы Бангу, б.э. 7-8 жылы жазылып болған) 都赖/ dou lai, түрінде хатқа түссе Таң дәуірінде (618-907 жылдар) 坦罗斯/ tanluosi, 塔拉寺/ talasi, 塔刺思/ talaisi үлгісінде хатқа жазылған (Ғабитханұлы, 2019: 503).

Кесте-1. Түпнұсқасы бойынша транскрипсияланған атаулары

Түпнұсқа	Қытайша	Қытайша қазіргі оқытуы мен транскрипциясы
Алтай	阿勒泰	A le tai
Ақсу	阿克苏	A ke su
Қарамай	克拉玛依	Ke la ma yi
Тұмсық	图木舒克	Tu mu shu ke
Буыршын	布尔津	Bu er jin
Ұланбай	乌拉泊	Wu la bai
Қызылтау	克孜勒塔格	Ke zi li ta ge
Баркөл	巴里坤	Ba li kun
Қарасу	喀拉苏	Ha la su
Қызылсу	克孜勒苏	Ke zi le su
Қызқорған	克孜库尔干	Ke zi ku er gan

Алмалы	阿力麻里	A li ma li
Ойтау	奥依塔克	O yi ta ge
Көкдала	科克塔拉	Ke ke ta la
Қаракөл	喀拉库尔	Ka la ku er
Күміс	库米什	Ku mi shi
Сайрам	赛里木	Sai la mu
Қорғас	霍尔果斯	Huo er guo si
Қанас	喀纳斯	Ha na si
Тарбағатай	塔尔巴哈台	Ta er ba ha tai
Ала(тау)	阿拉(山)	A la (shan)
Еділ (өзені)	阿得(水)	A dei (shu)i
Талас	怛逻斯	Da luo si
Құлан (тау)	贺兰(山)	He lan (shan)
Сұяб(қаласы)	碎叶(城)	Sui ye (cheng)

Түркі және маньчжур тілдерінде хатқа түскен атаулар:

1944-1911 жылдар аралығында қытай елін Маньчжурлар биледі, мемлекеттің аты Чин деп аталды. Бұл кезеңде маньчжур тілі мемлекеттік тіл ретінде қытай тілімен қатар қолданылды. Мемлекеттік құжаттар, шетелдермен болған дипломатиялық хаттар, тарихнамалар, карталар маньчжур тілінде жазылды. Керек болған жағдайда қытай тіліндегі аудармасы қосымша беріліп отырды.

Маньчжурлар билеген тұста да Қытай деректерінде (西域 яғни «Батыс өңір» деп аталатын аймақ – бүгінгі Қытайдың Шыңжаң өлкесімен (Шығыс Түркістан) қоса, Орталық Азияның біраз бөлігін қамтитын жерлер туралы көптеген тарихи очерктер мен сөздіктер жазған. Мәселен, 1763 жылы дайын болған маньчжур, қытай (хан), моңғол, тибет, ұйғыр және моңғол (тотын моңғол жазуымен) тілдерімен салғастырған «钦定西域同文志» («Батыс өңір баяны»), 18 ғасырдың орта шенінде жазылған «雍正十排皇輿全图» (Юнчжэннің он қатарлы картасы) және «乾隆内府輿图» (Цянлунның ішкі аймақтар картасы) атты еңбектердің маңызы зор. Бұл еңбектерде орталықазия мен Қазақ дасасына қатысты топонимдер де берілген. Топонимдер мен гидронимдер түпнұсқа бойынша маньчжур, қытай жазуларымен транскрипцияланса анықтамалары маньчжур тілінде берілген. Мысалы: bira 必拉(өзен), hoton 和屯(қала), alin 阿林(тау), omo 鄂漠(теңіз), gashan 噶珊(ауыл), sekiyen 色钦(су көзі), dabakhan 达巴汉(асу) және басқалар. Яғни, топонимдік атаулардың соңына өзен, қала, тау, теңіз, ауыл, асу анықтамалалы маньчжурша қоса берген, қытай тіліне де сол бойынша транскрипцияланған. Мысалы, 额尔齐斯必拉 /yeerjisi bi la / Ертіс өзені, 巴哈纳斯必拉/ bahanasi bila / Бақанас өзені, 巴尔喀锡淖尔/ Balkassi-noor (Балқаш/Balkash) т.б.

Кесте-2. Түркі және маньчжур тілдерінде қытай иероглифтерімен хатқа түскен топонимдер

Түпнұсқа	Қытайша тіліндегі транскрипция	Маньчжурша
Бақанас өзені	巴哈纳斯必拉	Bahanasi bila
Балқаш көлі	巴尔喀锡淖尔	Balkassi-noor
Амақарағай	阿满哈尔海	Amanqaraghay

Ереймен тауы	锡德特额壘谟阿林	Ereimen alin
Қорғалжын көл	胡尔哈尔金淖尔	Khourkhaldsin noor
Нұра өзені	努拉必拉	Nura bi la
Қатынқарағай қарауылы	和通哈尔海喀论	Khotongkarkhai-Kharaoul
Қалба жотасы	哈尔巴达巴汉	Khalba dabakhan
Тарбағатай тауы	塔尔巴哈台阿林	Tarbagatay
Бақты тауы	巴克图阿林	Baktou alin
Алакөл	阿拉克图胡尔淖尔	Alaq-Tughul nor
Еміл өзені	额密尔必拉	Emil bi la
Арғанаты	阿尔噶灵图 Argalingtou	Argalingtou
Аякөз	阿古斯	Agous
Лепсі өзені	勒布什必拉	Lebchi bila
Көксу	库库乌苏	Koukou-oussou
Шарын өзені	察林必拉	Tsaring bi la
Шонжы қарауылы	椿集喀伦	Tchoundsi Kharaoul
Мыңбұлақ	明布拉克	Mingboulak
Кеген қарауылы	格根喀伦	Geghen
Хан Тәңірі	汉腾格尔阿林	Khantengher
Ертіс өзені	额尔齐斯必拉	yeerjisi bila

Шығыс Түркістандағы кейбір елдімекен атауларының қытайша атауы бұрын түпнұсқа бойынша аталып келсе кейін басқаша өзгертілген. Бұрынғы аты 可可托海 keketuohai (Көктоғай) болса өзгерген атауы 富蕴 fu weng; Бұрынғы аты 唔里贾 wulijia (Құлжа), қазіргі атауы 伊宁 yi ning; Бұрын 玛拉勒巴什 malalibashi (Маралбасы), қазір 巴楚 ba chu; бұрын 喀拉沙尔 kalashaer (Қарашахар), қазір 焉耆; бұрын 喀格里克 hagelike (Қарғалық), қазір 叶城 Бұрын 塔尔巴哈台城 Taerbagatai cheng (Шәуешек, Тарбағатай қаласы, қазір 塔城 ta cheng т.б. (新疆新发现, 2021).

Кесте-3. Аты өзгерген немесе қысқартылған елді мекен, аудан-қала атаулары

Түпнұсқа	Қытайша(бұрын)	Қытайша (қазір)
Құлжа	唔里贾 wu li jia	伊宁 yi ning
Тоқсу	托克苏 tuo ke su	新和 xin he
Көктоғай	可可托海 ke ke tuo hai	富蕴 fu weng
Маралбасы	玛拉勒巴什 ma la li ba shi	巴楚 ba chu
Бүгір	布吉尔 bu ji er	轮台 lun tai
Майтау	玛依套、玛依塔克 ma yi ta ge	独山子 du shan zi
Қарашахар	喀拉沙尔 ka la sha er	焉耆 yanqi
Қобықсауыр	和布克赛尔	和丰 he feng
Шақылық	恰克里克 qia ke li ke	若羌 ruo qiang
Қағылық, Қарғалық	喀格里克 ha ge li ke	叶城 ye cheng
Бұралала	博尔塔拉 bo er ta la	博乐 bo le
Құмыл	昆莫、哈密里	哈密 ha mi

Қашқар	喀什噶尔 Ha shi ge er	喀什 Ha shi
Шәуешек	塔尔巴哈台城 Ta er ba ga tai	塔城 ta cheng

Мағыналық аударма арқылы хатқа түскен атаулар.

Қытайлар болсын, көшпенділер болсын қажеттіліктен бір-бірінің тілдерін үйренгені анық. Қытай деректерінде олардың бәрінің өз ордаларында тілмаш яғни аудармашы (тілмаш лауазымы болған) ұстайтындығы жазылған. Деректерде Қытай жихангерлері мен елшілері көшпенділер жеріне келгенде қастарына сол елдің тілін жетік меңгерген тілмаштар ертіп жүрген. Тіпті қытай елшісі Жан Чиян ғұндарға келген бір сапарында онда қолға түсіп, ғұн әйеліне үйленіп он жылдай тұрып қалған. Сондықтан да қытайлар өз көршілерінің тілін жақсы білген деп айта аламыз. Жылнамалардағы көптеген түркілік ономастикалық атаулардың өз мағынасында баламасымен аударылып хатқа түскені де соның дәлелі болса керек. Мәселен қытай жылнамаларында ежелгі Үйсін елінің астанасы 赤谷 (қазіргі оқылуы chі gu) деп хатқа түскен (оның қазіргі орны туралы бірнеше пікір бар, яғни Текес өзенінің бойында; Ыстықкөлдiң маңында т.б.). Бұл атауды зерттеушілер Қызыл қорған, Қызыл камал деп аударып қолданып жүр. Яғни мұндағы 赤 chі біздің тілімізде қызыл дегенді 谷 қорған, камал деген мәнді білдіреді. Біздіңше, бұл расында да мағыналық аудармамен жасалған ономастикалық атау. Сол сияқты деректерде Үйсін астанасына жақын жердегі елді мекен 千泉 (қазіргі оқылуы qian quan) мағынасы Мыңбұлақ, яғни қытай тілінде 千 qian мың дегенді білдірсе 泉 quan бұлақ деген мәнді білдіреді. Қытай деректерінде ежелгі түркілердің өсіп-өнген жері: 金山 (қазіргі оқылуы jin shan) екендігі айтылады. Яғни бұл кәдімгі Алтай тауы деген сөз. Мұндағы 金 jin алтын мәнін білдірсе 山 shan кәдімгі тау деген сөз. Сол сияқты бізге таныс 天山(Tian shan) Тянь-шань тауы. Бұл да түркінің тәңірі сөзін 天 деп, тау сөзін 山 мағынасы бойынша аударып алған. Қазіргілердің қытайша Тянь-шань деп атағаны болмаса, түркілер ежелден Тәңіртауы деп атап келген. Қытайлардың өзі Тянь-шань атауын бертінге дейін өз дыбысталуы бойынша тәңрі дегенді 撑犁 chengli ежелгі оқылуы tengli яғни тәңірі деп дыбысталуы бойынша жазып келген. Кейбір жазбаларында 腾乞里塔 tengqilita еделгі оқылуы tenggelitau яғни Тәңіртау. Қытай деректері бойынша Тянь-шань атауын ғұндар б.з.д 3 ғасырда да Тәңіртау деп аталған (Ғабитханұлы, 2019: 503).

Кесте-4. Мағынасы аударылып жазылған топонимдер

Түпнұсқа	Қытайша	Аудармасы туралы
Тәңіртау	天山 tian shan	天 — Тәңір, 山 — тау
Жетісу	七河 qi he	七 — жеті, 河 — су
Алтай тауы	金山 jin shan	金 — алтын, 山 — тау
Мыңбұлақ	千泉 qian quan	千 — мың, 泉 — бұлақ
Қызылқысаң	赤谷 chi gu	赤 — қызы, 谷 — қысаң
Қызыл тума	赤泉 chi quan	赤 — қызы, 泉 — тума, бұлақ
Қылысу	赤水 chi shui	赤 — қызы, 水 — су
Ақтау	白山 bai shan	白 — ақ, 山 — тау
Қатынсу	女水 nu shui	女 — қатын, 水 — су
Көктау	青山 qing shan	青 — көк, 山 — тау
Қаратау	黑山 hei shan	黑 — қара, 山 — тау

Көлденеңсу	橫水 heng shui	橫— көлденең, 水— су
Темір қақпа	铁门 tie men	铁— темір, 门— қақпа
Қарақұм қаласы	黑沙城 hei sha cheng	黑— қара, 沙— құм
Қосөгіз,	双河 shuang he	双— қос, 河— су, өгіз
Ақсу қаласы	白水城	白— ақ, 水— су, 城— қала

Географиялық атауларды стандарттау мәселесі

Елімізде Ономастикалық атауларды қытай тілінен орыс тіліне транслитерациялауда бүгінгі күнге дейін XIX ғасырдың екінші жартысында Ресейде өмір сүрген, сондағы синологияның негізін салушыларының бірі Архимандрит Палладий жасаған – «Палладий транскрипциясы» (Система транскрипции Палладия) (дұрысы транслитерациясы) қолданылады. Қазақ, орыс тілдері екі жүйеге жататын, дыбыстық жүйесі мүлде сәйкес келмейтін тілдер боғандықтан, орыс тіліне бейімдеп жасалған аудармалар мен транслитерация қазақ тіліне лайық келмейтіндігі түсінікті. Үш тілдің дыбыстық жүйесі мен ондағы дыбыстардың функционалды ерекшелігін салғастырып көргенімізде, оған көзіміз нақты жетті. Ономастикалық атауларды Қазақ тілінің фонетикалық заңдылығына сай таңбалау мәселесі алда жасалатын жұмыстарда ескерлу керек маңызды түйіндердің бірі.

Географиялық атаулардың қолдануын жеңілдету, барлығына түсінікті болуын қамтамасыз ету үшін Бүкіләлемдік қауымдастықта географиялық атаулардың бірыңғай жазу емлесін қабылдау қажеттілігін ұғынды. Сол себепті, Біріккен Ұлттар Ұйымының «Географиялық атауларды стандарттау» жөніндегі 1967 жылы Женевада ашылған бірінші кезекті конференциясында латын әліпбиін географиялық атауларды таңбалап жазудың халықаралық стандарты ретінде қабылдау үшін әлем елдерін шақырып, қаулы шығарды. Оның басты себебін әлем елдерінің көпшілігі латын алфавитін қолданатындығымен түсіндірді. Латын әліпбиін қолданбайтын елдер болса, өз еліндегі географиялық атаулардың латын әліпбиімен жазылған, стандартталған нұсқасын жасауы, сонымен бірге ол жасаған нұсқаның әлемдік қауымдастықта келісілген, мойындалған болуын талап етті. Бұл, әрине, бір ғана географиялық комитеттің талабы. Ғылым-техника, пошта-телеграф, сауда-өнеркәсіп т.б қаншама саланың өз стандарты бар. Бұл жерде басы ашық бірнәрсе, қай стандарт болмасын, бәрі айналып келіп осы жұмыстарды хатқа түсіретін жазу, таңба стандартына келіп тірелетіндігі.

Әлемде неше мың тіл бар, жазуы да әртүрлі, яғни түрлі графикалар мен таңбалар қолданылады. Олардың кейбіреулері дыбыстық жазу қолданса, кейбірі идеографиялық таңбалар пайдаланады, яғни ортақ жазу үлгісі болмағандықтан, географиялық атауларды оқу мен түсінуде қиындық тудырады. Бүгінгі әлемдегі кең қолданыста жүрген жазуларды бес түрге айруға болады: Бірінші, латын жазуы (ағылшын, француз, неміс, испан және т.б.); Екінші, араб жазуы (Араб елдері, Ауғаныстан, Парсы елдері және т.б.); Үшінші, кирилл жазуы (Орыс, Украина, Қазақ, Югославия және Болгар т.б.); Төртінші, ұлттық жазу (Грек, Бирма, Тибет т.б.); Бесінші, иероглиф таңба (Қытай, Жапон т.б.). Яғни, Географиялық атауларды әркім өз жазуымен таңбалап келеді. Географиялық атауларды жазудың алуан түрлі болуы, тиісті стандарттың болмауы әлемдік қауымдастықтың өзара ақпарат алмасуға үлкен кедергілер келтіруде. Атап айтқанда, халықаралық пошта-телеграф байланысында, транспорт, экономика, мәдени алмасулар, күнделікті жаңалықтар мен репортаждар жасауда, ғылыми академиялық алмасуларда, статистика т.б көптеген салаларда қиындықтар туғызып отыр (Ахметұлы, 2006: 128). Сондықтан да әлем елдері өздерінің қолданып отырған ұлттық жазуынан тыс, халықаралық байланыстарда, бәріне бірдей ортақ, түсінікті латын графикасын пайдалануға бет бұрып отыр. Себебі латын әліпбиі араб цифрлары сияқты халықаралық

таңбаға, мәтіндік символға айналған. Қажетті ақпараттардың бәрі ортақ латын әріптерімен таңбаланған.

Латын графикалы қазақ әліпбинің ең соңғы нұсқасына әлі нүкте қойылмады. Президент қол қойғаннан кейін қазіргі жағдай өзгереді, соған негізделіп, жаңа ұлттық стандарт жасалып, Қазақстандық атау-терминдер біздің елдің ұсынысымен халықаралық стандартқа айналуы мүмкін. ISO-ға еліміз 1994 жылы мүше болып кірген және сол арқылы ISO жұмысын қолдау туралы міндеттеме алған (Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 19 сәуірдегі №26-22/4748 Қаулысы) (Халықаралық стандарттау жөніндегі ұйым (ISO), 2024). Сондықтан әліпбидің соңғы нұсқасын бекітуден бұрын мына мәселелер толық шешілуі керек деп ойлаймыз.

Біріншіден, ISO-ға мүше мемлекет ретінде Қазақстан қандай жазу стандартын қалай енгізу керектігі туралы ойлануы керек. Бұл жерде жазу мен таңбалау барысында ұлттық ерекшелікке баса мән беру керек пе, әлде халықаралық стандартқа басымдық беру керек пе деген мәселе туындауы да мүмкін. ISO стандарты жазу практикасында компьютер пернетақтасындағы 26 әріптен тұратын латын таңбасын негіз етіп алғандықтан, латын графикалы қазақ жазуының соңғы үлгідегі кейбір таңбаларымыздың халықаралық стандарт талаптарына сәйкес емес тұстары бар екені баршаға аян. Міне, осыдан барып болашақта халықаралық стандарт бір бөлек, ұлттық стандарт бір бөлек болатын жағдай туындауы әбден мүмкін. Халықаралық қауымдастыққа етене араласқан сайын бұл мәселе ұлғая түседі. Сондықтан осы бастан латын графикалы жазумен жазылған ұлттық стандартты ISO ұйымының стандартына бейімдеу, үйлестіру жағына да мән беруміз қажет. Себебі бүгінгідей ақпарат (информация) заманында әлемдік қауымдастықтан оқшауланып, бөлектене алмайтынымыз.

Екіншіден, әлемдік қауымдастыққа бірі болумен бірге, халықаралық стандарт ұйымына мүше ел ретінде Қазақстан өзінің тиісті халықаралық міндеттемелерін толық орындауға міндетті. Қазірдің өзінде әлемдік қауымдастықта қолданылып отырған тілдік жағдаят пен жазу таңбалары бәрімізге белгілі. Халықаралық қауымдастық заңды тұлғалардың Қазақстандық атауларын (жеке есімдер, географиялық атаулар, ұйымдардың атаулары, өнім атаулары, кітап атаулары) пайдалануға, сондай-ақ олардың құжаттарын цифырландыруға және іздеуге мүдделі. Біздің еліміз де дәл солай мүдделі әрі мұқтаж. Біз халықаралық қауымдастыққа латын графикалы қазақ жазуының жеткілікті ресурстарын қалай беруді ғана емес, оны халықаралық стандарттарға сәйкестендіру жағында ұмытпауымыз қажет. Тиісті бағдарламалық жасақтаманы әзірлеу және қолдау, веб-сайттарын құру, кодтау, цифырландыру үшін ISO ұйымын «ISO – латын графикалы қазақ жазуымен» қамтамасыз етуіміз қажет. Бұл әлемдік қауымдастыққа енудің алғышарты болып, қажетті ақпарат беру, жазу ресурстарымен қамтамасыз ету, қажетті құжаттарды талапқа сай енгізу бәрін қамтиды. Ол үшін біздің қабылдаған таңбаларымыз мүмкіндігінше ISO стандарты саналатын компьютер пернетақтасындағы латынның 26 таңбасына жақын болуы қажет. Осы арқылы ғана Қазақстан әлемдік қауымдастықтың толыққанды мүшесі бола алады және латын графикалы ұлттық жазуымыздың болашағы зор, қолданыс көкжиегі кең болмақ. Әрине, халықаралық стандарт екен деп, келсін-келмесін латын таңбарын түгелдей көшіріп алуға болмас, дегенмен бір таңба болса да стандартқа жақын болғаны дұрыс. Яғни, қазақ тілінің морфологиялық, морфосинтактикалық және фонологиялық нормаларына сәйкес келумен бірге халықаралық стандарттарда жақын болғаны жөн. Болашақта латын графикалы қазақ жазуына көшкен тұста бұл мәселе түбегейлі шешімін табады деп сенеміз.

Қорытынды

Географиялық атаулар кез келген тілдің сөздік қорында маңызды рөл атқарады. Себебі, географиялық атаулар жай ғана тілдік бірлік, құбыстар емес, онда мемлекетаралық,

ұлтаралық қарым-қатынастың дамуында өте маңызды рөл атқаратын экстралингвистикалық факторлар (идеологиялық, тарихи, мәдени, географиялық, дүниетанымдық, әлеуметтік, тілдік қатынас) сақталған. Түркі тілдері мен қытай тілі генетикалық жағынан бірі қытай-тибет тіл семьясына, енді бірі алтай тіл семьясына тән, құрылымы да ұқсамайды. Оның үстіне бірі мағыналық-буындық жазуды қолданса, енді бірі дыбыстық жазуды қолданады. Қытай тілінің фонетикасы өзгеріске түскен, иероглифтердің бұрынғы оқылуы мен қазіргі дыбысталуында елеулі айырмашылықтар бар. Мұның бәрі түпнұсқасы түркілік топонимдерді реконструкциялауда қиындықтар тудырады. Оның үстіне бүгінгі дағдыға айналған, қытай тіліндегі ономастикалық атауларды жазуда қолданып отырған орыс тілінің дыбысталу заңдылығы яғни «Палладий транскрипциясы» қазақ тілінің дыбысталу заңдылығына сәйкес келмейді. Түпнұсқаға адал болу қағидаты барлық елге ортақ норма. Қытай иероглифтерімен хатқа түскен түркі халықтарына тән географиялық атаулардың өзіндік ерекшеліктері бар, оларды тілдік және тарихи, этнологиялық, археологиялық т.б. деректерге сүйене отырып түркі тілдеріне реконструкциялау, стандарттау мәселелері жан-жақтылы, терең қарастырылғаны дұрыс.

Әдебиеттер:

Ахметұлы, 2006 – Ахметұлы Ш. Ұлы түрік қағанаты (қытай деректері мен түсініктер). – ҚХР Үрімжі: Шыңжаң жастар-өрендер баспасы, 2006. 600 б.

Ғабитханұлы, 2019 – Ғабитханұлы Қ. Қытай жылнамаларындағы түркілік сөздерді аудару, реконструкциялау, біріздендіру мәселелері // Қазақстан тарихы. Электронный научный журнал «edu.e-history.kz» № 1(17), 2019. DOI: <https://edu.e-history.kz/index.php/history/article/view/501/503>

Қытай тарихналарындағы қазаққа қатысты деректер, 1998 – Қытай тарихналарындағы қазаққа қатысты деректер. – Бейжің: Ұлттар баспасы, 1998. 1-том. – 18-22 бб.

Система транскрипции Палладия // [Электрондық ресурс] URL: <https://cidian.ru/palladius> (қаралған күні: 08.11.2024)

Халықаралық стандарттау жөніндегі ұйым (ISO) // [Электрондық ресурс] URL: <https://ksm.kz/kz/international-cooperation/khaly-araly-standarttau-zh-nindegi-yuum-iso/> (қаралған күні: 08.11.2024)

新疆新发现, 2021 - 新疆共有 30 个县市区或地级行政区地名曾更改过, 多数年轻人不知道 (Шыңжаңдағы жаңа ашылулар, 2021 – Шыңжаңның префектура деңгейіндегі 30 округінде, қалалық аудандарында немесе әкімшілік аудандарында барлық жер атаулары өзгертілді және жастардың көпшілігі бұл туралы білмейді) // [Электрондық ресурс] URL: <https://news.qq.com/rain/a/20211223A06M5Y00> (қаралған күні: 08.11.2024)

References:

Akhmetuly Sh. (2006) Uly turik kaganaty (kytay derekteri men tusinikter). – KHR Yrimzhi: Shynzhan zhastar-orender baspasy, 2006. – 600 b. (in Chin.)

Gabitkhanuly K. (2019) Kytay zhylnamalaryndagy turkilik sozderdi audaru, rekonstruksiyalau, birizdendiru maseleleri // Kazakstan tarikhy. Elektronny nauchny zhurnal «edu.e-history.kz» №1(17), 2019. DOI: <https://edu.e-history.kz/index.php/history/article/view/501/503> (in Kazakh)

Kytay tarikhnalalaryndagy kazakka katysty derekter (2019). Beyzhin: Ulttar baspasy, 1998. 1-tom. 18-22 bb. (in Chin.)

Sistema transkripsii Palladiya // [Elektronnyk resurs] URL: <https://cidian.ru/palladius> (karalghan kuni: 08.11.2024) (in Rus.)

Khalykaralyk standarttau zhonindegi uyym (ISO) // [Elektronдық resurs] URL: <https://ksm.kz/kz/international-cooperation/khaly-araly-standarttau-zh-nindegi-uyym-iso/> (karalghan kuni: 08.11.2024) (in Kaz.)

新疆新发现, 2021 - 新疆共有 30 个县市区或地级行政区地名曾更改过, 多数年轻人不知道 (Shynzhandagy zhana ashylular, 2021 – Shynzhannyn prefektura dengeyindegі 30 okruginde, kalalyk audandarynda nemese akimshilik audandarynda barlyk zher ataulary ozgertildi zhane zhastardyn kopshiligi bul turaly bilmeydi) // [Elektronдық resurs] URL: <https://news.qq.com/rain/a/20211223A06M5Y00> (karalghan kuni: 08.11.2024) (in Chin.)

¹Габитханулы К. ²Масимханулы Д. ³Дарбай Н.Х.

¹Институт языкознания им. А. Байтурсынова, Алматы, Казахстан

^{2,3}Институт востоковедения имени Р.Б. Сулейменова, Алматы, Казахстан

E-mail: ¹kayrat.g@mail.ru, ²masimkhan-63@mail.ru, ³darbay.nazerke@gmail.com

ТЮРКСКИЕ ТОПОНИМЫ, НАПИСАННЫЕ КИТАЙСКИМИ ИЕРОГЛИФАМИ: ПЕРЕВОД, РЕКОНСТРУКЦИЯ, ПРОБЛЕМА СТАНДАРТИЗАЦИИ

Аннотация. С исторической точки зрения топонимы должны охватывать всю обширную территорию, на которой жили древние саки и гунны, древнетюркские племена, которые сегодня являются прародителями тюркских народов. Эта территория сегодня занимает часть территории Евразии, многие государственные границы. Это Центральная Азия и Монголия, Южная и Сибирская земли России, Синьцзянский регион Китая. Об этом свидетельствуют тюркские топонимы, сохранившиеся в указанных регионах. Проблема ономастики, в том числе топонимов, характерная для региона Центральной Азии, Восточного Туркестана, на протяжении последних нескольких столетий привлекала внимание ученых. Известно, что историографии и письменные источники, письма и карты, связанные с тюркскими народами, сохранились в основном в византийских, армянских, арабо-персидских, греческих, китайских и др. странах. В том числе много говорят о том, что китайские письменные данные имеют большое значение. Тюркская топонимика в китайских историографиях до сих пор поразному переводилась и реконструировалась на каждый язык, не сохранилась последовательность в научной литературе и учебнике. Целью исследования является систематизация тюркской топонимики в китайской историографии с помощью историко-сопоставительных, сравнительных и этимологических методов, семантический анализ и реконструкция географических названий. Рассматриваемая область является одной из новых и очень актуальных тем в отечественной языковой науке, поэтому это и является новизной данной статьи. В результате исследования были рассмотрены особенности топонимических названий, характерных для тюркских народов, написанных китайскими иероглифами в китайских историографиях, а также проведен языковой анализ топонимов на тюркских языках, особенно на казахском, с указанием реконструированного коренного варианта и варианта, написанного китайскими иероглифами. Также обсуждались вопросы их введения в научный оборот, стандартизации.

Благодарность: статья написана в рамках выполнения научного проекта BR24993043 «Древнетюркские топонимы в источниках Китая и других стран Востока – одна из основ современной тюркской интеграции: историко-этимологическое, лингвистическое видение».

Ключевые слова: китайские историографии, Центральная Азия, тюрки, топонимика, реконструкция, перевод, стандартизация.

¹Gabitkhanuly K., ²Massimkhanuly D., ³Darbay N.K.

¹A. Baitursynov Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan

^{2,3}R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan

E-mail: ¹kayrat.g@mail.ru, ²masimkhan-63@mail.ru, ³darbay.nazerke@gmail.com

TURKIC TOPONYMS WRITTEN IN CHINESE CHARACTERS: TRANSLATION, RECONSTRUCTION, THE PROBLEM OF STANDARDIZATION

Annotation. From a historical point of view, toponyms should cover the entire vast territory inhabited by the ancient Saks and Huns, ancient Turkic tribes, who today are the progenitors of the Turkic peoples. This territory today occupies part of the territory of Eurasia, many state borders. These are Central Asia and Mongolia, the Southern and Siberian lands of Russia, and the Xinjiang region of China. This is evidenced by the Turkic toponyms preserved in these regions. The problem of onomastics, including toponyms, characteristic of the Central Asian region, East Turkestan, has attracted the attention of scientists over the past few centuries. It is known that historiographies and written sources, letters and maps related to the Turkic peoples have been preserved mainly in Byzantine, Armenian, Arab-Persian, Greek, Chinese and other countries. In particular, there is a lot of talk that Chinese written data is of great importance. Turkic toponymics in Chinese historiographies has so far been translated and reconstructed into each language in different ways, and the sequence in scientific literature and textbooks has not been preserved. The aim of the study is to systematize Turkic toponymy in Chinese historiography using historical-comparative, comparative and etymological methods, semantic analysis and reconstruction of geographical names. The field under consideration is one of the new and very relevant topics in domestic language science, therefore this is the novelty of this article. As a result of the study, the features of toponomic names characteristic of the Turkic peoples written in Chinese hieroglyphs in Chinese historiographies were considered, as well as a linguistic analysis of toponyms in Turkic languages, especially in Kazakh, indicating the reconstructed indigenous variant and the variant written in Chinese hieroglyphs. The issues of their introduction into scientific circulation and standardization were also discussed.

Acknowledgement: The article was written within the framework of the scientific project BR24993043 “Ancient Turkic Toponyms in Chinese and Other Eastern Sources – A Foundation for Modern Turkic Integration: Historical-Etymological and Linguistic Perspective”.

Keywords: Chinese historiographies, Central Asia, Turks, toponymics, reconstruction, translation, standardization.

Авторлар туралы мәлімет:

Ғабитханұлы Қайрат, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, жетекші ғылыми қызметкер, филол.ғ.к., профессор, Алматы, Қазақстан.

Мәсімханұлы Дүкен, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының бас директоры, филол.ғ.д., профессор, Алматы, Қазақстан.

Дарбай Назерке Хамитқызы, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының кіші ғылыми қызметкері, гуманитарлық ғылымдар магистрі, Алматы, Қазақстан.

Информация об авторах:

Қайрат Габитханұлы, ведущий научный сотрудник, Институт языкознания им. А. Байтұрсынова, к.филол.н., профессор, Алматы, Казахстан.

Масимханұлы Дүкен, генеральный директор Института востоковедения им. Р.Б. Сулейменова, д.филол.н., профессор, Алматы, Казахстан.

Дарбай Назерке Хамитқызы, младший научный сотрудник Института востоковедения им. Р.Б. Сулейменова, магистр гуманитарных наук, Алматы, Казахстан.

Information about authors:

Kairat Gabitkhanuly, a leading researcher, A. Baitursynov Institute of Linguistics, Candidate of Philological Sciences, Professor, Almaty, Kazakhstan.

Masimkhanuly Duken, Director General of the R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, Doctor of Philology, professor, Almaty, Kazakhstan.

Darbay Nazerke Khamitkyzy, Junior Researcher, R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Master of Humanities, Almaty, Kazakhstan.